

## БАСПАСӨЗ РЕЛИЗІ

2020 жылғы 27 наурыз

### ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінде Төтенше жағдайды енгізу нәтижесінде зардап шеккен халықтың, шағын және орта бизнестің қарыздары бойынша негізгі борыш пен сыйақы сомаларын төлеуді тоқтата тұру тәртібі бекітілді

Мемлекет басшысының төтенше жағдайды енгізу нәтижесінде зардап шеккен халықтың, шағын және орта бизнестің қарыздары бойынша негізгі борыш пен сыйақы сомаларын төлеуді тоқтата тұру бойынша а.ж. 23 наурыздағы тапсырмасын іске асыру үшін, Агенттік а.ж. 24, 25 және 26 наурызда Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығымен, екінші деңгейдегі банктермен және микроқаржы ұйымдарымен талқылау жүргізді және оның нәтижелері бойынша **төтенше жағдай кезеңінде халыққа және кәсіпкерлік субъектілеріне қолдау көрсету шараларын іске асырудың жан-жақты тәртібі бекітілді.**

1. Төтенше жағдайды енгізу нәтижесінде зардап шеккен халықтың, шағын және орта бизнестің қарыздары бойынша негізгі борыш пен сыйақы сомаларын төлеуді тоқтата тұру тәртібі **екінші деңгейдегі банктерге, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға, ломбардтарды, онлайн-кредиттеу компанияларын, кредиттік серіктестіктерді, оның ішінде бұрын көрсетілген ұйымдар болып табылған заңды тұлғаларды қоса алғанда, микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдарға (бұдан әрі – кредиттік ұйымдар) қатысты қолданылады.**

2. Негізгі борыш пен сыйақы сомаларын төлеуді тоқтата тұру кредиттік ұйымдар 2020 жылғы 16 наурызға дейін берген барлық банктік қарыздарға және микрокредиттерге қолданылады және **2020 жылғы 16 наурыз – 15 маусым аралығындағы** 90 күн кезеңіне беріледі.

3. Халықтың барынша осал топтарын қорғауды қамтамасыз ету үшін банктік қарыз және (немесе) микрокредит шарттары бойынша негізгі борыш пен сыйақы бойынша төлемдерді тоқтата тұру өтініштерді, растайтын құжаттарды талап етпей және қосымша келісімдерге қол қоймай, қарыз алушының келісімімен жеке тұлғалардың мынадай санаттары үшін жүзеге асырылады:

1) «Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 68-бабына сәйкес халықтың әлеуметтік жағынан осал топтарына:

- Ұлы Отан соғысының мүгедектері мен қатысушылары;
- Ұлы Отан соғысының мүгедектері мен қатысушыларына теңестірілген адамдар;
- 1 және 2 топтағы мүгедектер;
- мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары;
- Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін аурулар тізімінде аталған кейбір созылмалы аурулардың ауыр түрлерімен ауыратын адамдар;

- жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер;
- кәмелетке толғанға дейін ата-аналарынан айырылған жиырма тоғыз жасқа толмаған жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар;
- оралмандар;
- экологиялық зілзалалар, табиғи және техногенді сипаттағы төтенше жағдайлар салдарынан тұрғын үйінен айырылған адамдар;
- «Алтын алқа», «Күміс алқа» алқаларымен наградталған немесе бұрын «Батыр ана» атағын алған, сондай-ақ I және II дәрежелі «Ана даңқы» ордендерімен наградталған көпбалалы аналар, көпбалалы отбасылар;
- мемлекеттік немесе қоғамдық міндеттерін, әскери қызметін орындау кезінде, ғарыш кеңістігіне ұшуды дайындау немесе жүзеге асыру кезінде, адам өмірін құтқару кезінде, құқық тәртібін қорғау кезінде қаза тапқан (қайтыс болған) адамдардың отбасылары;

- толық емес отбасылары жатады.

2) «Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алушыларға;

3) «Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес халықты жұмыспен қамту мәселелері бойынша жергілікті органда тіркелген жұмыссыздарға.

Көрсетілген жеке тұлғалардың тізімдері кредиттік ұйымдарға ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің және кредиттік бюролардың ақпараты негізінде ұсынылады.

**4. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес төтенше жағдайды енгізу нәтижесінде қаржылық жағдайы нашарлаған жеке тұлғаларға** банктік қарыз және (немесе) микрокредит шарттары бойынша негізгі борыш пен сыйақы бойынша төлемдерді тоқтата тұру **өтініш негізінде, растайтын құжаттарды ұсынбай мынадай себептер бойынша** жүзеге асырылады:

- 1) карантиннің енгізілуіне байланысты уақытша жұмысқа жарамсыз;
- 2) ақы төленбей еңбек демалысында жүрген;
- 3) жұмыстан шыққан, еңбек шартын бұзған және өзге еңбек шартын тоқтатқан;
- 4) жалақысы немесе өзге кірістері төмендетілген немесе төлеу тоқтатылған;
- 5) егер қызметкер аумағында төтенше жағдай және (немесе) карантин қолданылатын жерге баруына (шығуына) шектеу қойылуына байланысты жұмыс орнында бола алмаған жағдайда;

б) қаржылық жағдайының нашарлауын куәландыратын өзге де себептер.

Қарыз алушының өтініші қаржылық жағдайдың нашарлау себепін көрсете отырып еркін нысанда жасалады, электрондық пошта, «банк-клиент» жүйесі, ұйымның интернет-ресурсы, мобильдік қосымша және басқа да байланыс құралдары арқылы жіберіледі. Кредиттік ұйым қарыз алушының өтінішін 10 жұмыс күні ішінде қарайды.

Өтініш кредиттік ұйымға кез келген сәтте 2020 жылғы 16 наурыз – 15 маусым аралығындағы кезеңде беріле алады. Бұл ретте кредиттік ұйымда жеке тұлғаның қаржылық жағдайының нашарламағаны туралы ақпарат болған жағдайда бас тарта алады. Төлемдерді тоқтата тұру кезеңінде кредиттік ұйым қарыз алушылар бойынша шағым-талап жұмысын және мерзімі өткен берешекті өтеу қажеттілігі туралы қарыз алушыны хабардар етуді тоқтатады.

**5. Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне, оның ішінде дара кәсіпкерлерге** банктік қарыз және (немесе) микрокредит шарттары бойынша негізгі борыш пен сыйақы бойынша төлемдерді тоқтата тұру қарыз алушының өтініші және қаржылық жағдайының

нашарлағанын растайтын құжаттар негізінде жүзеге асырылады. Бұл ретте, кредиттік ұйым мынадай жағдайларда тоқтата тұру туралы шешім қабылдайды:

- **қызметі төтенше жағдай режимімен шектелген экономика салаларында қызметті жүзеге асыру, оның ішінде:** азық-түлік дүкендерін, дәріханаларды және оларға байланысты жеткізілімдерді қоспағанда, сауда секторы, ойын-сауық-сауда орталықтарын жалға алушыларды қоса алғанда, халық тұтынатын тауарлардың дүкендері, тауарлар жеткізу тізбесі, туроператорларды және турагенттерді қоса алғанда, спорт, туризм және қонақ үй бизнесі, азық-түлікті және дәрі-дәрмекті тасымалдауды қоспағанда, жолаушылар және жүк тасымалдау секторы, мейрамханаларды және кафелерді қоса алғанда, қоғамдық тамақтану секторы, тұрмыстық қызмет көрсету секторы, театрларды, кинотеатрларды, фото- және бейне түсіруді, көрмелерді және конференцияларды қоса алғанда, бос уақытты және демалысты ұйымдастыру, мерекелерді ұйымдастыру, сән салондары және фитнес орталықтары, не

- төтенше жағдай режимінің қолданылуы кезеңінде сатылған тауарлар және (немесе) көрсетілген қызметтер көлемінің төмендеуі, сатып алушылардан ақы төлеу мерзімдері кешіктірілгені, тоқтатыла тұрғаны, ауыстырылғаны (мерзімі шегерілгені), қызметкерлердің штат санының қысқарғаны расталған кезде немесе басқа объективті себептер бойынша **қаржылық жағдайы нашарлаған.**

**6. 2020 жылғы 16 наурыз – 15 маусым аралығындағы кезеңде кредиттік ұйымдар төлемдерді тоқтата тұру туралы өтінішті қарағаны және тиісті шарттарды өзгерткені үшін қарыз алушыдан комиссиялар мен өзге де төлемдерді алмайды.**

Жедел желі телефондары: +7 (727) 2788 144 және +7 (727) 2788 122

Қаржы нарығы субъектілерінің іс-әрекеттеріне сұрақтар мен шағымдарды [www.finreg.kz](http://www.finreg.kz) сайтының кері байланысы арқылы, [TAL@finreg.kz](mailto:TAL@finreg.kz), [Fingramota@finreg.kz](mailto:Fingramota@finreg.kz) электрондық поштасы бойынша жіберуге болады